ӘОЖ 902(092)
ҒТАХР 03.41.91
https://doi.org/10.52967/3007-6528.2024.1.20.31

Алматы және Жетісу облыстары аумағында XX ғ. 30 жылдарынан бастап жүргізілген археологиялық зерттеулер тарихынан

© 2024 ж. Айтбаева А.Е.

Keywords: *Zhetisu, A.N. Bernshtam, K.A. Akishev, settlement, expedition*
Түйін сөздер: *Жетісу, А.Н. Бернштам, К.А. Ақышев, елді мекен, экспедиция*
Ключевые слова: *Жетысу, А.Н. Бернштам, К.А. Акишев, поселение, экспедиция*

A. Aitbayeva[1]
[1]*Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan*

The history of archaeological research conducted on the territory of Almaty and Zhetisu regions since the 30s of the 20th century

This article is devoted to the history of archaeological research in the Almaty and Zhetisu regions. It presents a systematic overview of materials on the region's monuments, collected by researchers from the 1930s to the early years of national independence. During this period, numerous ancient monuments spanning from the Bronze Age to the Middle Ages were discovered and partially studied in these two regions. The article analyzes the scientific reports of the Semirechye and Ili archaeological expeditions and highlights the contributions of prominent researchers such as A.N. Bernshtam, K.A. Akishev, G.A. Kushaev, E.I. Ageeva, and K.M. Baipakov. These studies facilitated the international recognition of the unique and rich Saka culture of Zhetisu and established a robust foundation for dating Saka antiquities in the region. For example, the Besshatyr Kurgan, discovered by K.A. Akishev, has become a significant monument alongside such sites as the Pazyryk and Bashadar kurgans in the Altai. Findings from the Myngshukur burial site (12th–10th centuries BCE) are also notable, where gold ornaments were discovered, indicating a high level of metallurgical technology and artistic skill in the "animal style" as early as the Bronze Age. The discovery of numerous centers of sedentary culture has led to a substantial shift in scholarly perspectives on the historical significance of this territory. Furthermore, the article discusses key discoveries, methodological advancements, and interdisciplinary approaches that have deepened the understanding of the historical importance of the Almaty and Zhetisu regions.
Source of funding: The publication was carried out within the framework of program-targeted financing of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan for 2023–2025, project IRN BR21882346.
Citation: Aitbayeva, A. 2024. The history of archaeological research conducted on the territory of Almaty and Zhetisu regions since the 30s of the 20th century. *Margulan readings–2024.* In 2 vol. Vol. 1. Pp. 20–31 (in Kazakh).

А.Е. Айтбаева[1]
[1]*Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Алматы қ., Қазақстан*

Алматы және Жетісу облыстары аумағында XX ғ. 30 жылдарынан бастап жүргізілген археологиялық зерттеулер тарихынан

Мақала Алматы және Жетісу облыстары аумағында орналасқан археологиялық ескерткіштердің зерттелу тарихына арналады. XXғ. 30 жылдарынан бастап тәуелсіздіктің алғашқы жылдарына дейінгі осы аумақ ескерткіштері туралы зерттеушілер жинақтаған материалдар жүйеленіп ұсынылды. Осы уақыт аралығында екі облыс аумағынан қола дәуірінен орта ғасырға дейінгі ежелгі ескерткіштер ашылып, кейбірі зерттелді. Жетісу және Іле археологиялық экспедицияларының архив қорларында сақталған есептері қарастырылды.

Аталған өлкенің ежелгі және орта ғасырлық тарихы бойынша білімнің негізін құрайтын, әрі Жетісудағы сақ дәуірі ескерткіштерін кезеңдеудің бастамасы болған А.Н. Бернштам, К.А. Ақышев, Г.А. Кушаев, Е.И. Агеева, К.М. Байпақов секілді көрнекті ғалымдардың ізденістеріне ерекше көңіл аударылды. Осы жылдары алғаш рет әлемдік деңгейде ғалымдар Жетісудың бай және өзіндік сақ мәдениетімен кеңінен танысты. К.А. Ақышев ашқан Бесшатыр обасы Алтайдағы Пазырық және Башадар обалары, Солтүстік Қара теңіз маңындағы сақ обалары секілді атақты ескерткіштер қатарынан орын алды. Б.д.д. XII–X ғғ. жататын Мыңшұқыр обасынан табылған сырғалардағы жылқылардың алтын құймасы қола дәуірінің өзінде ақ металл технологиясының жоғары деңгейде дамығандығын және аң стилінде жоғары дәрежедегі шығармашылық образдарды құруға дайын болғандығын көрсететін факт болды. Отырықшы мәдениет ошақтарының да көптеп табылуы осы аумақ туралы ғылыми көзқарастың түбегейлі өзгеруіне әсер етті. Мақалада сонымен қатар, Алматы және Жетісу облыстарының тарихи маңызын терең түсінуге көмектесетін ашылымдар мен әдістемелік өзгерістер талқыланды.
Қаржыландыру көзі: Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің 2023–2025 жж. арналған іргелі ғылыми зерттеулер бағдарламасы шеңберінде, ЖТН BR21882346 жобасы аясында дайындалды.
Сілтеме: Айтбаева А.Е. 2024. Алматы және Жетісу облыстары аумағында ХХ ғ. 30 жылдарынан бастап жүргізілген археологиялық зерттеулер тарихынан. *Марғұлан оқулары–2024.* 2 том. 1-т. 20–31-бб.

А.Е. Айтбаева[1]
[1]*Институт археологии им. А.Х. Маргулана, г. Алматы, Казахстан*

Из истории археологических исследований, проведенных на территории Алматинской и Жетысуской областей с 30-х годов XX века

Статья посвящена истории археологических исследований в Алматинской и Жетысуйской областях. В ней представлен систематизированный обзор собранных исследователями материалов о памятниках региона, начиная с 1930-х годов и до первых лет независимости нашей страны. В этот период в пределах двух областей были открыты и частично изучены древние памятники, охватывающие хронологический диапазон от бронзового века до средневековья. Анализируются научные отчеты Семиреченской и Илийской археологических экспедиций, а также вклад выдающихся исследователей — А.Н. Бернштама, К.А. Акишева, Г.А. Кушаева, Е.И. Агеевой и К.М. Байпакова. Эти исследования впервые способствовали широкому признанию уникальной и богатой сакской культуры Жетысу на мировом уровне и заложили прочную основу датирования сакских древностей в Жетысу. Например, открытый К.А. Акишевым Бесшатырский курган стал значимым памятником, наряду с такими объектами, как курганы Пазырык и Башадар на Алтае. Также значимы находки из могильника Мыншукур (XII–X вв. до н.э.), где были обнаружены золотые украшения, свидетельствующие о высоком уровне металлургических технологий и художественного мастерства в «зверином стиле» ещё в бронзовом веке. Обнаружение многочисленных очагов оседлой культуры позволило существенно изменить научный взгляд на историческую значимость данной территории. Кроме того, в статье рассматриваются ключевые открытия, методологические изменения и междисциплинарные подходы, которые способствовали углублению понимания исторической значимости Алматинской и Жетысуской областей.
Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках программно-целевого финансирования Комитета науки МНВО РК 2023–2025, ИРН проекта BR21882346.
Цитирование: Айтбаева А.Е. 2024. Из истории археологических исследований, проведенных на территории Алматинской и Жетысуской областей с 30-х годов XX века. *Маргулановские чтения–2024.* В 2-х т. Т. 1. С. 20–31 (на каз. яз.).

Кіріспе

Тарихымыздың ауқымды әрі маңызды кезеңдерін зерттеуде заттай дереккөздер үлкен рөл атқарады. Осы заттай деректерді өткеннің қойнауынан алып, ғылыми айналымға енгізетін археологияның алар орны ерен. Қазақстанның табиғаты көркем, шұрайлы аумақтарының бірі, жер жәннаты Жетісудың тарихи археологиялық ескерткіштерге бай болуы – заңды құбылыс. Жалпы қазақ өлкесін ғылыми тұрғыдан зерттеу Ресей империясының құрамына енген соң басталды.

Дегенмен, археологиялық зерттеу жұмысы бұл кезеңде мардымды жүргізілмеді. Өйткені, Ресейде де, Қазақстанда да ғылымның бұл саласымен айналысатын мамандар жоқтың қасы еді. Ресейден әртүрлі ғылым саласының мамандары келіп, отарланған жаңа жерлерді жан-жақты зерттеп, оның байлығын игеру үшін жұмыс істеді. Отаршылдық жылдардан бастау алатын археологиялық зерттеулер Қазан төңкерісінен кейін ғылыми орталықтардың ұйымдастыруымен жалғасты. Бұл кезеңде аталған өлкеде жүргізілген ғалымдардың зерттеулері жетерлік. Мақаламызда осы өңірдің РҒА Материалдық мәдениет тарихы институты ұйымдастырған, ұжымның ғалымдары мен жергілікті тарихшы, археологтары бірлесе еңбек еткен Жетісу археологиялық экспедициясының жұмысынан бастамақпыз.

Мақаланы жазудағы алға қойған мақсат – Жетісу өлкесінің археологиялық зерттелу тарихын, негізгі даму кезеңдерін, бағыттарын, аумақта жұмыс істеген археологиялық экспедициялардың жұмыстарын және нәтижелерін, көрнекті археологтардың ғылымдағы орнын баяндау. Осы мақсаттан туындайтын міндет – аталған аумақта жүргізілген зерттеулер, археологиялық экспедициялар мен жекелеген зерттеушілердің зерттеу жұмыстарын территориялық және хронологиялық жағынан баяндау және баға беру.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу әдістері. Мақаланы жазу барысында тарихилық, объективтілік принциптері басшылыққа алынды. Тарихилық принцип бойынша археология ғылымының нақты тарихи жағдайда даму жолдары мен бағыттары анықталды. Әсіресе, жұмыс құрылымына байланысты аймақтық принцип жете басшылыққа алынды. Мәселенің жекелеген аспектілерін қарастыруда баяндау, жүйелеу, қорытындылау, логикалық талдау, салыстырмалы, хронологиялық, хронологиялық-проблемалық әдістер қолданылды.

Материалдарды сипаттау. Мақала жазуда автор Ә.Х. Марғұлан атынд. Археология институтының Архив қорын, РҒА Материалдық мәдениет тарихы институты Архивінің қолжазба қоры материалдарын, Археология бөлімі мен Археология институтының жүргізген зерттеулері жайлы есептік материалдарын, осы өлкені зерттеген ғалымдардың монографиялары мен ғылыми мақалаларын қолданды.

Нәтижелер

Қазақстан археология ғылымына өлшеусіз үлес қосқан ғалым А.Н. Бернштам жетекшілік еткен Жетісу археологиялық экспедициясы 1936 жылдан 1940 жылға дейін Қазақстан мен Қырғызстан аумағында қола дәуірінен XIX ғасырға дейінгі уақытты қамтитын археологиялық ескерткіштерде зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының архивіндегі есебінде ғалым 1939 жылы экспедиция Алматы облысының ескерткіштерін ашуды және олардың арасынан ең маңыздыларын анықтап, қазба жүргізуді мақсат еткенін айтады. Сондай-ақ осы есепте сол жылы экспедиция құрамына ҒА Қазақ филиалының және ММТИ-дің ғылыми қызметкерлері – Л.Г. Розина, М.В. Луппиан, И.В. Щербаков, Ленинград университеті Тарих факультетінің және Қазақ педагогикалық институтының студенттері қатысқаны айтылған [ҚР ҒЖБМ ҒК АИ ҒА. 195-іс].

1939 жылы Жетісу археологиялық экспедициясының маршруты Талғар, Есік, Түрген, Шелек, Сөгеті жазығы, Шарын, Көктал, Алтын Емел, Қаратал, Талдықорған, Қапал және Алматы секілді елді мекендерді аралады, жалпы ұзындығы 1500 км құрады. Сондай-ақ Алматы қаласы маңында Үлкен және Кіші Алматы өзендері бойында, Таулы Қырат ауданында барлау жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде кейбір ескерткіштерге сипаттама беріліп, аталған аумақтың археологиялық картасы жасалған екен.

Жұмыстың алғашқы нысаны ретінде таңдалған Талғар қаласын А.Н. Бернштам хронологиялық жағынан да, стратиграфиялық жағынан да бір қабатты деп сипаттап, материалдарына сүйене отырып, ескерткіштің қарахандық кезеңде өмір сүргенін айтып өтеді. Талғар қаласынан шығысқа қарай орналасқан Лаптев қорғаны деп аталып кеткен обаға қазба жүргізіп, мақаласында бұл обалардың өмір сүрген уақыты б.д.д. III ғ. – б.д. I–II ғғ. мерзімдеп, ғұн және үйсін кезеңдеріне жататынына күмән жоқ деп тұжырымдайды [Бернштам 1948: 79].

Жетісу археологиялық экспедициясының Алматы облысы аумағында жүргізілген зерттеулері нәтижесінде жарық көрген А.Н. Бернштамның «Прошлое района Алма-Ата» атты еңбегі 1948 жылы С.С. Черниковтың жауапты редакторлығымен Қазақ КСР Ғылым Академиясының ғылыми-көпшілік сериясы түрінде жарық көрді. Еңбек ғылыми ортамен қатар, қалың көпшілікке арналғандықтан тілі жеңіл әрі ұғынықты. Автор бұл еңбегінде Алматы қаласы аумағынан табылған ескерткіштерді сонау қола дәуірінен бастап, сақ, үйсін және ғұн дәуірлерінде, түркі кезеңінде мекен еткен халықтардың тарихын археологиялық табылған ескерткіштер мен жәдігерлерге сүйене отырып, реконструкциялауға тырысады. Еңбекте қала орнының б.д.д. III мыңжылдықтан кейінгі ортағасырға дейінгі қоныстанылғаны анықталды. Осы еңбегінде ғалым қола дәуірінен ерте темір дәуіріне өтпелі кезеңнің Қарғалы-1 қорымы туралы мәліметтер келтіреді. А.Н. Бернштам қола дәуіріне жататын заттардың Алматы маңынан да көптеп табылғанын тілге тиек етеді, солардың ішінде кездейсоқ табылған Алексеев қазынасына, Ұзынағаштан табылған орақ және т.б. тоқталады [Бернштам 1948**а**: 3–4].

Барлау жұмысы барысында экспедиция Түрген, Қаракемер ауылдары маңындағы, сондай-ақ Маловодное мен Лабасы елді мекені арасында, Шелек өзенінің оң жағалауындағы Бұғыты тауының баурайындағы төрткүлдерді ашты. Бұл ескерткіштерден табылған қыш ыдыстар Талғар қаласынан табылған XI–XII ғғ. жататын асүй қыш ыдыстарының тобымен бірдей екенін анықтайды және сол дәуірмен мерзімдейді. Экспедиция Шелек өзенінен өткен соң, Іле өзенінің оң жағалауынан Сөгеті тауларына дейінгі аумақты алып жатқан үлкен обалардың біріне жүргізілген қазба жұмысы барысында табылған жәдігерлерді негізге ала отырып, бұл ескерткішті VI–IX ғғ. деп мерзімдейді. Ғалым Қытай деректері, нақтылай алғанда Таншу дерегіне сүйене отырып, осы үлкен қорымды түркілердің Дулу тайпаларына жатуы мүмкін екендігін айтады [Бернштам 1948: 80–81].

Ал Шеңгелді ауылы маңынан табылған елді мекенді ортаазиялық типті цитаделі бар қала деп есептеді. Табылған жәдігерлерді сараптай отырып ғалым бұл қаланы мекендеген тұрғындар ірандықтар болған дей келе, қаланың *Эквиус* (Екіоғыз) екені күмән тудырмайды деп есептеді. Ғалым ортағасырлық Эквиус және Қойлық атауларының пайда болуы туралы сол уақытта ғылымда орын алған ой-толғауларға тоқталып, өз тұжырымын алға тартады. Мысалы, Эквиус терминін Махмут Қашқари сөздігіндегі Екі Оғыз атауының өзгертілген түрі деген пікірге қосылатынын білдірсе, Қойлық атауын түркілік «қой бағуға арналған жайылым» мағынасынан туындаған деген ой түйіндейді [Бернштам 1948: 80].

Ғалым Іле өзенінің оң жағалауында орналасқан Жуантөбе, Қойбын, Қоңырөлең, Айнабұлақ, Басшы, Жаңғызағаш секілді обалар тобына сипаттама бере келіп, Жаңғызағаш елді мекенінен Талдықорғанға дейінгі жол бойында Көксу жазығында обалар тобының саны азайып, керісінше елді мекендер қирандылары кездесе бастағанын атап өтеді. Бұл аумақтағы ірі ескерткішке сол Көксу өзенінің оң жағалауында Дүнгене қалашығында тереңдігі кей жерлерде 4,5 метрге дейін жететін жалпы аумағы 60 шаршы метрге тең шурф салынды. Осы қазба нәтижесінде ғалым ескерткішті қарахан дәуіріне, яғни, IX–XIII ғасырларға жатқызып, саяхатшы Вильгельм Рубрук сипаттап кеткен ортағасырлық *Қойлық (Қаялық)* қаласымен баламалады [Бернштам 1948: 81].

Дегенмен кейіннен К.М. Байпақов Іле бойында жүргізген зерттеулері нәтижесінде А.Н. Бернштамның бұл тұжырымын теріске шығарды. К.М. Байпақов ең басты дәлел ретінде бұл қала орнынан XIII ғасырға жататын материалдың табылмауын тілге тиек етеді. Сондай-ақ қаланың

көлемі ортағасырда кеңінен белгілі болған Эквиусқа тең емес, жалпы көлемі 75 × 75 м төрткүл типтес қала немесе керуен сарай болғанын алға тартады. Ал Қойлықпен баламалаған Дүнгене қаласын К.М. Байпақов Эквиус деп есептейді. А.Н. Бернштамның Дүнгене қаласының орнынан іздеген Қаялық қаласын Іле алқабындағы Қойлық (Антоновка) ауылы маңында орналасқан қала орнымен баламалайды [Байпаков 2013: 36].

Өз зерттеулерінің қызықты бір нәтижесі ретінде А.Н. Бернштам сол уақыттағы жергілікті халықтың ерекше орналасуын атап көрсетеді. Ғалым өз пайымдауында: «Түркілерден және арасында аздаған көшіп келген парсылардан тұратын отырықшы жер өңдеуші жергілікті халық VII–XIV ғасырларда суға бай Іле өзенін игермегенін» айтады. Оның себебін автор жер өңдеу ісін игеруге қолайлы Есік, Талғар, Шелек секілді кішірек тау өзендерінің көп болуымен түсіндіреді. Сол себепті де XI–XII ғасырларда жер өңдейтін отырықшы қоныстар Талғар, Есік, Түрген, Шелек, одан әрі оңтүстік шығысқа қарай Кеген, Шарын секілді бастауын биік таулардан алатын кішігірім өзендер бойына орналасқан. Ал малшаруашылығын жүргізуге өте қолайлы Іле алқабында ол уақытта көшпелі түркілер мекен еткен деп жазады. Іленің сол жағалауында жүздеп, тіпті мыңдап шоғырланған обаларда жүргізілген қазба жұмысы олардың VI–VIII ғғ. жататынын көрсетті [Бернштам 1946: 112].

1939 жылғы Алматы облысы аумағында Жетісу археологиялық экспедициясы жүргізген зерттеулер нәтижесінде ғалым Іле жазығы ескерткіштерінің типологиялық өзгешеліктеріне қалалардың «мұсылмандық» қабатында сырлы қыш ыдыстардың болмауы, қыш ыдыстардың оюлары мен бедерленуінің жұтаңдығы, қалаларда цитадельдердің болмауы, елді мекен топографиясының сауда жолдарына тәуелділігі секілді ерекшеліктерді жатқызды [Бернштам 1948: 89–90].

1940 жылы ҒА Қазақстан филиалы мен Н.Я. Марр атындағы ММТИ институты бірлесе ұйымдастырған экспедицияның жұмысы туралы А.Н. Бернштамның есебі ММТИ Архивінің Қолжазба бөлімінде сақталған. 1940 жылғы экспедицияның 1-ші маршруты Алматы облысын қамтыған. Бұл аумақ біріншіден, Іледен Қоянқұзға дейінгі аумақты ежелгі Эквиустың орны деген болжамды түпкілікті айғақтау мақсатында таңдалады. Негізінен Іле өзенінің оң жағалауындағы жұмыстар 1939 жылы жүргізілгенімен, мәселенің толықтай шешілмегендігі айтылады. Ертедегі отырықшы-жер өңдеуші елдімекендерде зерттеу жүргізу мақсатында Іле өзенінің сол жағалуында, Қарғалы стансасынан Шелекке дейін бірнеше қалалардың орындары зерттелді. Бұл елді мекендер белгілі бір жолақта ғана орналасып, Балтабай, Маловодное, Евгеньевка ауылдарынан ары қарай таралмаған деп сипаттайды. Бұл ауданның ең ірі қаласы ретінде ғалым XI–XII ғғ. қарахан кезеңіне жататын Шелек қаласын атап өтеді. Бұл қаланы А.Н. Бернштам ең шеткі, көшпелілердің шегінде орналасқан қала деп сипаттады. Ал одан әрірек, Шарын және Кеген жазықтарында отырықшы елді мекендер кездеспегенін айтады. Бұл аумақтарда тек Кеген ауылы маңындағыдай қорғаныс қабырғалы керуен сарайлар болған. Осыны негізге ала отырып ғалым бұл аумақтан Орта Азияның отырықшы қалаларын Шығыс Түркістанмен және Қытаймен байланыстырған сауда жолының өткенін айтады [РА ИИМК РАН. Ф. 2. Д. 56].

А.Н. Бернштам Алматы облысы аумағындағы көне ескерткіштерге арналған «Памятники старины Алматинской области» атты мақаласында Іле және Жоңғар Алатауларының баурайлары, Іле өзені аңғарының археологиялық картасын жасады [Бернштам 1948].

Шу-Талас өзенаралығы мен Іле алқабы қалаларының басты айырмашылығы ретінде ғалым алғашқыларының құрылымдық жағынан Мәуереннахр қалаларынан айырмашылығының жоқтығын, яғни шахристан, рабад, цитадель секілді архитектониканың болуы деп санаса, Іле алқабының қалаларында цитадельдің жоқтығын атап өтеді. Бұл ерекшелікті ғалым біріншіден, Іле қалаларының неғұрлым кейінгі уақытта, яғни IX–X ғғ. пайда болуымен, екіншіден, көшпелілер ордасының кейіннен қабырғамен қоршалып қалаға айналуымен түсіндіреді. Шу-Талас аумағы мен Іле

аумақтарының ескерткіштерінен табылған материалдардың тағы бір ерекшелігі ретінде – Шу-Талас қалаларының мәдени қабаттарында барлық үй жануарларының сүйектері бірдей табылып отырса, Іле алқабындағы қалаларда, әсіресе, Қойлықта (Дүнгене) қой сүйектері әлдеқайда көп кездесетініне тоқталады. Құймалы қыш ыдыстардың аздығын, тамақты даярлауға, сақтауға арналған тұрпайы әрі ірі ыдыстардың біртектес формаларын Іле алқабы қалаларының ерекшеліктеріне жатқызады. Ғалымның ойынша, пиала, кесе секілді ыдыс түрлерінің аз кездесуі олардың кең таралмауының белгісі болған [Бернштам 1948: 87].

А.Н. Бернштамның Жетісу археологиялық экспедициясына жетекшілік етіп, қазіргі Алматы, Жетісу облыстары аумағында жүргізген жұмыстары өлкенің археологиялық жағынан зерттелуінің бастауы болды. Көптеген ескерткіштерге барлау жұмыстарымен қатар, қазба жұмыстары да жүргізіліп, ой түйіндер айтылды. Олардың кейбіреулері қазір де маңыздылығын жоймаған. Іле жазығы қалаларын алғашқы рет типологиясын жасауға тырысып, ескерткіштерді қабырғасы 50 м ге дейінгі кіші және 100 м және одан да көп ұзындықтағы үлкен деп екі топқа бөлді. Кіші отырықшы ескерткіштерді керуен-сарайлар, ал үлкендердің қала типтес елді мекендер қатарына қосты. Дегенмен ғалым Іле алқабы қалаларының орнын өте төмен көрсетеді. Бұл аймақты Шу ауданының ауылдық аймағы деп те атайды. А.Н. Бернштамның осы аумақты зерттеу барысында В.В. Бартольдтың бұл аумақта қандай да бір ерекше ескерткішті кездестіру мүмкін емес деген ойына қосылып, Шығыс Жетісуға қатысты осындай ойдың жетегінде болды [Бернштам 1948: 87–88]. К.А. Ақышев Қазақстан археологиясының дамуына арналған 1954–1966 жж. мақаласында Жетісуда зерттеу жүргізген В.В. Бартольд пен А.Н. Бернштамның бұл пікірінің қате екеніне көз жеткізді [Акишев 1967: 78]. Мұндай жаңсақ пікірдің пайда болуының себебін археологиялық материалдардың жеткілікті деңгейде жинақталмауымен түсіндіруге болады.

Талқылау

А.Н. Бернштам жетекшілік еткен Жетісу археологиялық экспедициясының жұмысы тәмамдалған соң Алматы, Жетісу облыстарының аумағын археологиялық зерттеу мәселесі ғалымның шәкірті Е.И. Агеева, И.И. Копылов, сонымен қатар К.А. Ақышев, К.М. Байпақов сынды айтулы ғалымдардың зерттеу тақырыптарының өзегіне айналды.

1955 жылы 13–25 маусым аралығында Алматы мемлекеттік педагогикалық институты Тарих факультетінің бірінші курс студенттерінің екі тобы археология бойынша далалық практикадан өтті. Далалық археологиялық практика үшін әр кезеңге тән мол археологиялық ескерткіштері бар Іле ауданы таңдап алынды. Новоалексеевка ауылы маңындағы оба және Талғар қаласы маңындағы Талғар қаласы практикалық зерттеу нысаны болды.

Осы экспедицияның ұйымдастырушысы және жетекшісі И.И. Копылов Новоалексеевка обасын бұған дейінгі қазылған обалармен салыстырып, табылған жәлігерлерді сараптай келе, б.д.д. III ғ.–б.д. I ғ. деп кезеңдеп, үйсін тайпаларына тән деп есептейді. Қазба нәтижесінде И.И. Копылов Талғар қаласының өмір сүру мерзіміне қатысты В.М. Массон және А.Н. Бернштамның пікірлерін айта келіп, қала тарихын мыңжылдыққа дейін кеңейтеді. Археолог өз есебінде қаланың мәдени-саяси және шаруашылық өміріндегі өрлеу қараханидтер дәуірімен тұспа-тұс келетінін айтты [ҚР ҒЖБМ ҒК АИ ҒА. 376-іс].

1954 жылы Іле археологиялық экспедициясы құрылды. Іле археологиялық экспедициясының басты мақсаты – Қапшағай СЭС-нің салынуына байланысты Қапшағай жасанды теңізінің пайда болуы бұл теңіз аумағындағы археологиялық ескерткіштердің су астында қалып қою қаупін туғызған. Іле экспедициясы осы Іле бойындағы өте ерекше, бай ескерткіштерді зерттеудің бастауы болды. Қапшағай, Бесшатыр секілді сақ және үйсін тайпаларының қорымдары табылып, аса маңызды зерттеу жұмыстары басталған еді [ҚР ҒЖБМ ҒК АИ ҒА. 305-іс].

1954 ж., 1957–1961 жж. Іле өзені бойындағы сақтардың Бесшатыр, Қызылауыз, Жуантөбе, Қадырбай, Қарашоқы, Алтынемел ескерткіштеріне жүргізілген алты жылдық зерттеу материалдарының негізінде Қазақ КСР ҒА ТАЭИ Іле археологиялық экспедициясының «Древняя культура саков и усуней долины реки Или» атты монографиясы жарық көреді. Монографияның кіріспесінде сақтардың шығу тегі туралы шетел және сол кездегі кеңес археолог ғалымдарының пікірлеріне жан-жақты талдау жасалады. Осы монографияда археологиялық деректер негізінде К.А. Ақышев сақтардың Орталық Қазақстанның андронов тайпаларынан шыққанын негіздеп, Қазақстандағы қола жебе ұштарының классификациясы мен хронологиясын келтіреді [Акишев, Кушаев 1963: 5–19].

Сонымен қатар 1956 жылы ҚазКСР ҒА Тарих институты Алматы және Талдықорған облыстарының археологиялық картасын құрастыру мақсатында Жетісу археологиялық экспедициясын жасақтады. Осы жылдары бұрын ғылымға белгісіз 597 ескерткіш анықталды. Облыстың әр аумақтарында үйсін кезеңіне жататын обалы қорымдарда қазбалар жүргізілді. Шарын өзені бойында Сарытоғай, Мойынтоғай I және Мойынтоғай II қорымдары, Жамбыл ауданы аумағындағы Ақтерек қорымы, Талғар қорымы, Шелек ауылы Табаксовхоз қасындағы Жуантөбе қорымдары зерттелді. Ежелгі үйсіндер мекен еткен интенсивті көшпелі мал шаруашылығы басымдықта болған бұл аумақта обалы қорымдар өте көп кездесті. Қорымдар тау шатқалдары мен қөзендері бойында шоғырланған. Е.И. Агеева өз мақаласында аумақта отырықшылық пен жер өңдеуге көшу процесі өте баяу жүргенін атап көрсетеді. Осы үрдістің басталу уақытын біздің дәуіріміздің шегі деп санайды [Агеева 1960: 65–66].

1962 жылы Жетісу археологиялық экспедициясы Кеген тауларында қазба жұмыстарын жүргізіп, үйсін дәуірінің Ақтас 2 тұрағын, 15 обасын қазды. Ақтасты I обасын қазу басталды.

1963 жылы Жетісу археологиялық экспедициясына К.А. Ақышев жетекшілік етеді. Оның құрамында алты отряд жұмыс істеді: К.А. Ақышев пен Г.А. Кушаев жетекшілік еткен Кеген отряды осы аттас аудан аумағында үйсіндердің Ақтас 2 тұрағын және Ақтас 1 обасын зерттеді [ҚР ҒЖБМ ҒК АИ ҒА. 940-іс]. Сенигова жетекшілік еткен Тараз отряды ортағасырлық Тараз қаласы цитаделінің орнына, Г.А. Кушаев жетекшілік еткен Алакөл отряды Алакөл көлі маңында зерттеу жүргізді. Отряд 14 жерлеу орнына қазба жүргізіп, екі ортағасырлық қала орнын анықтады. Алакөл ойпатындағы ескерткіштерді зерттеу кезінде ғалымдар Шығыс Қазақстан мен Алтайдың тайпалық бірлестіктері мен Жетісу тұрғындарының арасындағы өзара байланыс іздерін, осы байланыстардың обалар, жерлеу құрылысы, жерлеу жәдігерлері сынды материалдық мәдениетте тапқан көрінісін анықтауды мақсат етті. Далалық кезеңде 39 оба, қола дәуірінің бір жерлеу орны, археологиялық картаға түспеген, бұрын анықталмаған 5 төрткүл-қала зерттелді. Ал экспедицияның К.А. Ақышев жетекшілік еткен барлау отряды Луговое ауылы маңында Құлан қаласы орнында қазба жұмыстарын жүргізді. Екінші Талас отряды М. Мерщиевтің жетекшілігімен Талас өзенінің орта ағысында археологиялық барлау жұмыстарын жүргізді. Х. Алпысбаев басқарған Қаратау отряды Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданында жұмыстар жүргізді.

1964 жылы К.А. Ақышев басқарған, үш отрядтан тұратын Жетісу археологиялық экспедициясы ежелгі дәуір ескерткіштеріне стационарлы зерттеу жүргізді. Далалық маусымда 40 обалық жерлеу орындары қазылып, бұрын археологиялық картаға түспеген бес ортағасырлық қаладан материалдар жиналды. Зерттелген обалар Қазақстанның оңтүстік-шығыс аудандарында сақ-үйсін дәуірінде өмір сүрген тайпалардың материалдық мәдениеті мен тарихы туралы мәліметтер береді. К.М. Байпақов жетекшілік еткен Сүмбе-Құлан тобы екі нысанда қазба жүргізді. Маусым айында жұмыстар Сүмбе қаласын қазуға жұмылдырылды. Бұл ескерткіш Алматы қаласынан шығысқа қарай 300 шақырым жердегі өзі аттас ауылдың маңында орналасқан. Қазба барысында Сүмбе қаласында өзіне тән құрылыс салты бар екі хронологиялық кезең болғаны анықталды. Керамикалық материалдар бойынша бірінші кезең б.д. IX–X ғғ., ал екінші кезең б.д. XI–XIII ғғ. жататыны анықталды [ҚР ҒЖБМ ҒК АИ ҒА. 924-іс].

1966 жылы Жетісу археологиялық экспедициясының төрт отряды Кеген, Талас, Арыс өзендері жазықтарында, Алакөл ойпатында әр дәуірге жататын ескерткіштер қазбасын жүргізді. Талғар, Кеген, Есік, Шелек, Шарын, Түрген өзендерінің бойындағы археологиялық ескерткіштер анықталып, Жуантөбе, Талғар, Ақтерек өңірлерінен бірнеше жерлеу орындары таңдап алынып, қазба жұмыстары жүргізілді. И.И. Копылов зерттеген Новоалексеевкадағы пирамидалы обалар, Үшсай сайындағы бірнеше ескерткіштер зерттелді. Мұндағы басты қорытындылар оның кандидаттық диссертациясына арқау болды. Мұнымен бірге Алакөл ойпатында, Лепсі өзені бойында барлау, қазу жұмыстары жүргізілді. Бұл аймақтардағы зерттеу жұмыстарына Г.А. Кушаев басшылық етті. Алакөл отряды Арасан-Қапал шипажайы маңынан ортағасырлық қала орнын, Арасан III обалы қорымдарын тауып, зерттеді. Үйсін ескерткіштері топтастырылып, олардың жерлеу ғұрыптары анықталды. 1970 жылдары Қызылқайнар, Ұзынбұлақ, Жетіжар қорымдарында да зерттеулер жүргізіліп, аймақты археологиялық зерттеуді кеңейтуге және тереңдетуге алғышарттар жасалынды [ҚР ҒЖБМ ҒК АИ ҒА. 949-іс].

1969 жылы Жетісу археологиялық экспедициясы Есік обасын қазуды бастады. Экспедиция нәтижесінде қазақ тарихындағы бірегей ескерткіш жайлы монография жарыққа шықты [Акишев 1978].

1980-жылдардың екінші жартысында К.А. Ақышев Есік обасы, Бесшатыр, Шілікті қорымдары секілді патша обаларының жоспарының құралды түсірілімін (инструментальная съемка) және картографиясын толықтай зерттеуді қолға алады. Жылдар бойы Сырдариядан Тарбағатай тауларына дейінгі, Бетпақдаланың оңтүстік жағалаулары мен Балқаш бойынан Солтүстік Тянь-Шанның таулы аймақтарына дейінгі ұлан-ғайыр аймақ зерттелді. Бұл аймақтан б.д.д. V–II ғғ. жататын 65 оба ашылды, олардың 35-і патшалық обалар болды. Қазақстанның оңтүстік аймағында ғана (әсіресе, Жетісуда) осыншама обаның шоғырлануы К.А. Ақышевтың тілімен айтқанда «Орталық Азия үшін феноменді көрініс» болып саналады. Бүкіл Еуразия кеңістігінде элиталық обалардың мұндай көп мөлшерде шоғырлануы өзге жерде кездеспеген. Бұл ерте мемлекеттік құрылымдар енді қалыптасып жатқан кезеңдегі Жетісудың тарихи-мәдени ерекшелігін, Жетісу тұрғындарының сақ дәуіріндегі жоғары әлеуметтік экономикалық деңгейін көрсетеді.

1980 жылы К.А. Ақышевтың жетекшілігімен Жетісу археологиялық экспедициясы Алматы және Талдықорған облыстарының археологиялық ескерткіштерін қорғау, зерттеу, есепке алу және паспорттау жұмыстарын жалғастырды. Экспедиция құрамында ескерткіштерді есепке алу және паспортау отряды, петроглифтік отряд, қорған отряды және Талғар отрядтары жұмыс істеді.

К.А. Ақышев жетекшілік еткен қорған отряды Қапал өзенінің оң жағалауында, Мыңшұқыр тауынан солтүстікке қарай 3,5 км, Қапал ауылынан оңтүстікке қарай 2 км жерден Мыңшұқыр қорымын тауып зерттеу жұмыстарын жүргізді. Петроглиф отряды да К.А. Ақышевтың жетекшілігімен Мыңшұқыр, Қарасай, Қаракүңгей, Баянжүрек тауларында іздеу жұмыстарын жүргізіп, тас дәуірінен кейінгі орта ғасырға дейінгі кезеңнің бірнеше ірі жиындарын ашты. К.М. Байпақов жетекшілік еткен Талғар отряды Талғар қаласындағы тұрғынжайларда қазба жұмыстарын жалғастырды [ҚР ҒЖБМ ҒК АИ ҒА. 1811-іс].

1980-жылдары Алматының археологиялық тұрғыдан зерттелуінде Ф.П. Григорьевтің есімі жиі атала бастады. Бұл зерттеушінің еңбектеріне ерекше тоқталуымыздың өзіндік себебі бар. Зерттеуші Алматы қаласы мен оның маңайындағы археологиялық ескерткіштер мен кездейсоқ табылған олжалар туралы бірнеше мақала жазып, осы өлкенің зерттелу тарихын толықтырды [Григорьев 2011; 2017; 2024].

Осы өлкені зерттеуге қомақты үлес қосқан К.М. Байпақовтың еңбектеріне тоқталсақ, 2004 жылы К.М. Байпақов пен Т.В. Савельеваның альбом-кітабы жарық көрді [Байпаков, Савельева 2004]. К.М. Байпақов, Т.В. Савельева, К. Чанг бірлесіп жазған Солтүстік-шығыс Жетісудың ортағасырлық елді мекендері мен қалаларына арналған еңбекте қазіргі Алматы қаласының орнындағы отырықшылық

ескерткіштер ретінде Алматы I қаласы, Алматы II қаласы, Весновка қаласы, Түрксіб қаласы, Ақсай қаласы, Ремизовка елді мекені, Тереңқара қаласы деп көрсетілген [Байпақов және т.б. 2005: 39]. Алматы қаласының археологиялық зерттелуіне тоқталатын болсақ, К.М. Байпақовтың Жетісу мен Алматы аумағындағы сақтар мен үйсіндердің қоныстарына арналған монографиясында 20 жылда ашылып, зерттелген сақ-үйсін кезеңінің отырықшы қоныстары толықтай қамтылған [Байпаков 2008]. 2004 жылы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша, Талғар, Қойлық қалаларында қазба жұмыстары жалғасты. 2014 жылы Талғар, Қойлық қалалары ЮНЕСКО-ның мәдени мұра тізіміне енді.

Алматы қаласының тарихына арналған монографияларында З. Самашев бастаған авторлар тобы қаланың археологиялық зерттелу тарихы туралы бөлімінде қала аумағынан кездейсоқ табылған бұйымдар мен арнайы ұйымдастырылған зерттеу жұмыстарын хронологиялық ретпен тиянақты баяндайды. Сондай-ақ авторлар жинақталған зерттеу жұмыстарының көп сандылығына қарамастан, көп еңбектерде археологиялық деректер толықтай өңделмегенін, кездескен қателерге де тоқталады. Авторлар 2004 жылы К.М. Байпақов пен Т.В. Савельеваның альбом-кітабында археологиялық материалдармен негізделмеген тұжырымдар мен қателіктер кеткеніне ерекше тоқталған [Самашев және т.б. 2005: 15]. Боралдай обасына арналған ұжымдық еңбегі Алматы қаласының археологиялық зерттелу тарихына қосылған өзіндік үлес болып табылады. Еңбекте Алматы қаласының солтүстігінде орналасқан Боралдай қорымын мұражайландыру жобасы бойынша жүзеге асқан археологиялық зерттеулердің нәтижелері енген [Самашев және т.б. 2006].

Алматы тарихының зерттелу тарихындағы ерекше сүбелі еңбектердің қатарына 2 томдық Алматы қаласының тарихына арналған, палеолит дәуірінен Верный бекінісіне қала дәрежесінің берілгенге дейінгі уақытты қамтитын еңбектің алғашқы томын [История Алматы 2006] және Алматы қаласының ескерткіштер жинағын қосамыз [Свод 2006]. Алматы тарихына, оның зерттелу деңгейіне тереңдей мән берілген бұл ұжымдық еңбекте Алматы аумағының тарихи мәселелері тас дәуірі, қола дәуірі, ерте көшпенділер кезеңі, орта және жаңа дәуірдегі кезеңдер бойынша көрсетілген.

Сондай-ақ Жетісудың қола дәуірін зерттеушілер қатарында Археология институтының А.Н. Марьяшев, А.А. Горячев секілді ғылыми қызметкерлері бар. А.Н. Марьяшев жетекшілік еткен Қазақ педагогикалық университетінің археологиялық экспедициясы 1982 жылдан бастап Алматы облысы Жамбыл ауданындағы Таңбалы шатқалында Тамғалы 1–3 обаларында қазба жұмыстарын жүргізіп, қол жеткен нәтижелермен қорымды б.д.д. XIV–XII ғғ. кезеңдейді [Марьяшев, Горячев 1993]. Сонымен қатар осы аумақтағы тағы бір ерекше ескерткіш – Ой-Жайлау қорымы. Қорым Жамбыл ауданы Отар стансасынан батысқа қарай 40 шақырым жерде орналасқан. 51 қоршаудан тұратын бұл жерлеу орнын А.Н. Марьяшев б.д.д. XIV–XII ғғ. кезеңдейді. Ғалым зерттеу жүргізген ескерткіштер қатарына Жоңғар Алатауының батыс беткейіндегі Ешкіөлмес тауы баурайындағы Құйған қорымы мен қонысы, Талапты 1-3 қорымы мен қонысын жатқызуға болады [Марьяшев, Горячев 1993: 16]. Сонымен қатар А.Н. Марьяшев пен А.А. Горячев 1992 жылдан бастап бірнеше жыл бойы Көлсай 1, Түрген, Ұзынбұлақ-1, Қызылбұлақ 1–2 секілді қола дәуірінің соңғы кезеңіне жататын Көлсай типті ескерткіштеріне қазба жұмыстарын жүргізді. Аталған ғалымдар 1998 жылдан бастап Асы-1, Түрген-2 археологиялық кешендерінде, 2001 жылдан бастап Тасбас қонысында, Қалақай қорымдарында зерттеу жұмыстарын жүргізді. 2007 жылы А.Н. Марьяшев Жетісу археологиялық экспедициясының Көксу жасағын, А.А. Горячев Түрген жасағын басқарып, осы өңірдің қола дәуірі ескерткіштерін зерттеуді одан әрі жалғастырды.

Қорытынды

Қорыта келе айтарымыз, нақты ғылыми ізденіспен археологияның дамуын жаңа сапаға көтерген зерттеушілердің еңбегін жүйелеп, талдаудың маңызы зор. Ғылымға қосқан үлесінің ауқымы уақыт өткен сайын айқындала түсуі де аталған зерттеушілердің бірегейлігін көрсетеді.

А.Н. Бернштамның қазіргі Алматы облысы аумағында Жетісу археологиялық экспедициясына басшылық етіп жүргізген жұмыстары өлкенің археологиялық жағынан зерттелуінің бастауы болды. Көптеген ескерткіштерге барлау жұмыстарымен қатар, қазба жұмыстары да жүргізіліп, ой түйіндер айтылды. Олардың кейбіреулері қазіргі уақытта да өз маңызын жойған жоқ. А.Н. Бернштам, К.А. Ақышев, Е.И. Агеева сынды зерттеушілерден бастау алған өлкенің зерттелу тарихы әлі күнге дейін жалғасын табуда.

ӘДЕБИЕТ

1 *Агеева Е.И*. Некоторые новые данные по археологии Семиречья // КСИИМК. 1960. Вып. 80. С. 65–67.
2 *Акишев К.А.* Археологическая наука в Казахстане // Наука Советского Казахстана 1920–1960 гг. / Отв. ред. Ш.Ч. Чокин. Алма-Ата: АН КазССР, 1960. С. 5–13.
3 *Акишев К.А.* Археология в Казахстане за советский период // СА. 1967. № 4. С. 76–78.
4 *Акишев К.А.* Курган Иссык. Искусство саков Казахстана. М.: Искусство, 1978. 127 с.
5 *Акишев К.А., Кушаев Г.А.* Древняя культура саков и усуней долины реки Или. Алма-Ата: АН КазССР, 1963. 282 с.
6 *Байпаков К.М.* Древняя и средневековая урбанизация Казахстана (по материалам исследований ЮККАЭ). Кн. 2. Алматы: ИА КН МОН РК, 2013. 516 с.
7 *Байпаков К.М.* Поселения саков и усуней на территории Жетысу и Алматы. Алматы: Credo, 2008. 178 с.
8 *Байпаков К.М., Савельева Т.В, Чанг К.* Средневековые города и поселения Северо-Восточного Жетысу. Алматы: ИА МОН РК, 2005. 188 с.
9. *Байпаков К.М., Савельева Т.В.* Древние сокровища Алматы и Жетысу. Алматы: Credo, 2004. 172 с.
10 *Бернштам А.Н.* Некоторые итоги археологических работ в Семиречье // КСИИМК. 1946. Вып. 12.С. 110–118.
11 *Бернштам А.Н.* Памятники старины Алматинской области // Известия АН КазССР. Сер. археол. 1948. Вып. 1. С. 79–91.
12 *Бернштам А.Н.* Прошлое района Алма-Ата. Историко-археологический очерк. Алма-Ата: АН КазССР, 1948**а**. 19 с.
13 *Григорьев Ф.П.* Изучение памятников древности и случайные находки на территории г. Алматы и его окрестностей. Ч. 1: 1854–1917 гг. // История и археология Семиречья. Сб. статей и публикаций. Вып. 4 / Отв. ред. А.Н. Марьяшев, Ю.А. Мотов. Алматы, 2011. С. 15–27.
14 *Григорьев Ф.П.* Археологические исследования и случайные находки на территории г. Алматы и его окрестностей в 1920-е–1960 гг. // История и археология Семиречья. Сборник статей и публикаций. Вып. 5 / Отв. ред. А.А. Горячев. Алматы, 2017. С. 190–210.
15 *Григорьев Ф.П.* Изучение памятников археологии г. Алматы и его пригородной зоны в период в 1960-е–1991 гг. // История и археология Семиречья. Сборник статей и публикаций. Вып. 8 / Отв. ред. А.А. Горячев. Алматы, 2024. С. 5–21.
16 История Алматы с древнейших времен до современности: В 2-х т. Т. I / Гл. ред. К.М. Байпаков. Алматы: ИД «Credo», 2006. 372 с.
17 ҚР ҒЖБМ ҒК АИ ҒА. 195-іс: Бернштам А.Н. Дневник Таласской археологической экспедиции 1936 года.
18 ҚР ҒЖБМ ҒК АИ ҒА. 305-іс: Акишев К.А. Отчет о работе Илийской археологической экспедиции 1954 г.
19 ҚР ҒЖБМ ҒК АИ ҒА. 376-іс: Копылов И.И. Отчет о полевой практике по археологии, со студентами АГПИ имени Абая в 1955 году.
20 ҚР ҒЖБМ ҒК АИ ҒА. 924-іс: Акишев К.А. и др. Отчет о НИР отдела археологии за 1964 г.
21 ҚР ҒЖБМ ҒК АИ ҒА. 940-іс: Нурмуханбетов Б. Дневник Кегенского отряда САЭ-64 (раскопки могильников Актас II, III).
22 ҚР ҒЖБМ ҒК АИ ҒА. 949-іс: Кушаев Г.А. Дневник № 1 АО САЭ 64г. (раскопы могильников Капал, Арасан I, Баскан I, Алакуль I, урочище Онагаш).
23 ҚР ҒЖБМ ҒК АИ ҒА. 1811-іс: Акишев К.А. и др. Отчеты о работе Семиреченской археологической экспедиции и отрядов за 1980 г.
24 *Марьяшев А.Н., Горячев А.А.* К вопросу о типологии и хронологии памятников эпохи бронзы Семиречья // РА. 1993. № 1. С. 5–11.

25 РА ИИМК РАН. Ф. 2. Д. 56: Рукописный Архив Института истории материальной культуры РАН. Ф 2. Д. 56: Личное дело старшего научного сотрудника А. Н. Бернштама.
26 *Самашев З., Григорьев Ф., Жумабекова Г.* Древности Алматы. Алматы: Археология, 2005. 184 с.
27 Самашев З.С., Джумабекова Г.С., Нурпеисов М., Чотбаев А. Древности Алматы: Курганы Боралдая. Алматы: Археология, 2006. 216 с.
28 Свод памятников истории и культуры города Алматы / Гл. ред. Б.Г. Аяган. Алматы: ТОО «Қазақ энциклопедиясы», 2006. 360 с.

REFERENCES

1 Ageeva, E. I. 1960. In *KSIIMK (Brief communications of the Institute for the History of Material Culture)* 80, 65–67 (in Russian).
2 Akishev, K. A. 1960. In: Chokin, S. C. (ed.). *Nauka Sovetskogo Kazahstana 1920–1960 gg (Science of Soviet Kazakhstan in 1920–1960)*. Alma-Ata: KazSSR Academy of Sciences, 5–13 (in Russian).
3 Akishev, K. A. 1967. In *Sovetskaya arheologiya (Soviet archaeology*) 4, 76–78 (in Russian).
4 Akishev, K. A. 1978. *Kurgan Issyk. Iskusstvo sakov Kazahstana (Issyk Kurgan. The Art of Saks in Kazakhstan).* Moscow: "Iskusstvo" Publ. (in Russian).
5 Akishev, K. A., Kushaev, G. A. 1963. *Drevnyaya kultura sakov i usunej doliny reki Ili (Ancient culture of the Saka and Usuns of the Ili River Valley).* Alma-Ata: KazSSR Academy of Sciences *(*Russian).
6 Baipakov, K. M., Savelyeva, T. V. 2004. *Drevnie sokrovischa Almaty i Zhetisu (Ancient treasures of Almaty and Zhetisu).* Almaty: "Credo" Publ. (in Russian)
7 Baipakov, K. M., Savelyeva, T. V, Chang, K. 2005. *Srednevekovye goroda i poseleniya severo-vostochnogo Zhetisu (Mediaeval cities and settlements of north-east Zhetisu).*Almaty: Margulan Institute of Archaeology (in Russian).
8 Baipakov, K. M. 2008. *Poseleniya sakov i usunej na territorii Zhetisu i Almaty (Settlements of Saki and Uysuns in the territory of Zhetisu and Almaty).* Almaty: "Credo" Publ. (in Russian).
9 Baipakov, K. M. 2013. *Drevnyaya i srednevekovaya urbanizatsiya Kazahstana (po materialam issledovaniy Yuzhno-Kazahstanskoi arheologicheskoi ekspedicii) (Ancient and mediaeval urbanisation of Kazakhstan (by the research material from archaeological expedition in South Kazakhstan)).* Book 2. Almaty: Margulan Institute of Archaeology (in Russian).
10 Bernshtam, A. N. 1946. In: *KSIIMK (Brief communications on reports and field studies of the Institute for the History of Material Culture*) 12, 116–118 (in Russian).
11 Bernshtam, A. N.1948. *Proshloe raiyona Alma-Ata. Istoriko-arheologicheskiy ocherk (Past of the Alma-Ata neighbourhood. Historical- archaeological article).* Alma-Ata: KazSSR Academy of Sciences (in Russian).
12 Bernshtam, A. N. 1948**a**. In *Izvestiya AN KazSSR. Seriya arheologicheskaya (News of the Kazakh SSR Academy of Science,* Archaeological series) 1, 79–91 (in Russian).
13 Grigor'ev, F. P. 2011. In: Maryashev, A. N., Motov, Y. A. (eds.). *Istoriya i arheologiya Semirech'ya (History and archaeology of Semirechye)* 4. Almaty, 15–27 (in Russian).
14 Grigor'ev, F. P. 2017. In: Goryachev, A. A. (ed.). *Istoriya i arheologiya Semirech'ya (History and archaeology of Semirechye)* 5*.* Almaty, 190–210 (in Russian).
15. Grigor'ev, F. P. 2024. In: Goryachev, A. A. (ed.). *Istoriya i arheologiya Semirech'ya (History and archaeology of Semirechye)* 8*,* 5–21 (in Russian).
16 In: Baipakov, K. M. (ed.). 2006. *Istoriya Almaty s drevnejshih vremen do sovremennosti (History of Almaty from ancient to nowadays).* In 2 vol. Almaty: "Credo" Publ. (in Russian).
17 SA MIA CS MSHE. D. 195: Bernshtam A.N. Dnevnik Talasskoy arkheologicheskoy ekspeditsii 1936 goda. (Diary of the Talas archaeological expedition of 1936). 1936 (in Russian).
18 SA MIA CS MSHE. D. 305: Akishev K.A. Otchet o rabote Iliyskoy arkheologicheskoy ekspeditsii 1954 g. (Report on the work of the Ili archaeological expedition, 1954). 1954 (in Russian).
19 SA MIA CS MSHE. D. 376: Otchet o polevoy praktike po arkheologii so studentami AGPI imeni Abaya v 1955 godu (Report on field practice in archaeology with students of Abay State Pedagogical Institute in 1955). 1955 (in Russian).
20 SA MIA CS MSHE. D. 924: Otchet o nauchno-issledovatelskoy rabote otdela arkheologii za 1964 god (Report on the research work of the department of archaeology for 1964). 1964 (in Russian).

21 SA MIA CS MSHE. D. 940: Nurmukhanbetov B. Dnevnik Kegenskogo otryada SAE-64 (raskopki mogilnikov Aktas II, III) (Diary of the Kegen team, Central Asian Expedition of 1964 (excavations of the Aktas II, III burial grounds)). 1964 (in Russian).
22 SA MIA CS MSHE. D. 1811: Akishev A.K. et al. Otchety o rabote Semirechenskoy arkheologicheskoy ekspeditsii i otryadov za 1980 g. (Reports on the work of the Semirechenskaya archaeological expedition and teams for 1980). 1980 (in Russian).
23 SA MIA CS MSHE. D. 949: Kushaev G.A. Dnevnik № 1 AO SAE 64g. (raskopy mogilnikov Kapal, Arasan I, Baskhan I, Alakul I, urochische Onagash). (Diary No. 1 of the Semirechenskaya Archaeological Expedition, 1964 (excavations of the Kapal, Arasan I, Baskhan I, Alakol I burial grounds, Onagash site). 1964 (in Russian).
24 Mar'yashev, A. N., Goryachev, A. A. 1993. In *Rossiyskaya arheologiya (Russian archaeology),* 1, 5–11 (in Russian).
25 Manuscript Archive of the Institute for the History of Material Culture, Russian Academy of Sciences. Fund No. 2. File 56: Lichnoe delo starshogo nauchnogo sotrudnika A.N. Bernshtama. (Personal file of senior researcher A.N. Bernshtam). (in Russian).
26 Samashev, Z., Grigor'ev, F., Jumabekova, G. S. 2005. *Drevnosti Almaty (Antiquities of Almaty).* Almaty: "Arheologiya" Publ. (in Russian).
27 Samashev, Z. S., Jumabekova, G. S., Nurpeisov, M., Chotbaev, A. 2006. *Drevnosti Almaty: Kurgany Boraldaya (Antiquities of Almaty: Boralday Kurgan)*. Almaty: "Arheologiya" Publ. (in Russian).
28 *Svod pamyatnikov istorii i kultury goroda Almaty (The vault of history of monuments and culture of the Almaty city).* 2006. Almaty: "Kazakh encyclopedia" Publ. (in Russian).

About the Author
Aitbaeva Aigerim – Ph.D, Senior research assistant, Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan.
ORCID: 0000-0003-1991-7508 E-mail: aaitbaeva84@mail.ru

Автор туралы мәліметтер
Айгерім Есімқанқызы Айтбаева – Ph.D, аға ғылыми қызметкер, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Алматы қ., Қазақстан

Сведения об авторе
Айгерим Есимкановна Айтбаева – Ph.D, старший научный сотрудник, Институт археологии имени А.Х. Маргулана, г. Алматы, Казахстан

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.
/ Раскрытие информации о конфликте интересов. Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов.
/ Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest.
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 10.04.2024.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 10.05.2024.